

2021 жылдың «31» тамыз айында
Дара қатысушының шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

УТВЕРЖДЕН
Решением единственного участника
от «31» августа 2021 года

**«ЛИМПОПО»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ
ТОВАРИЩЕСТВА С
ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«ЛИМПОПО»**

1 БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Жарғының мәтіні бойынша әрі қарай «Серіктестік» деп аталатын "Лимпопо" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының заңдары бойынша заңды тұлға болып табылады.

1.2. Серіктестіктің Дара қатысушысы:

ФИО: Салихарова Зухра Харбиевна,
жеке куәлік №045781169, 06.02.2020 ж. Қ.Р. ІІМ берілген,
ЖСН: 720702400012, тұрғылықты мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, ша Шугыла
А.Сығай көшесі, 71 үй.

1.3. Серіктестіктің фирмалық атауы:

- *толық атауы*: "Лимпопо" жауапкершілігі шектеулі серіктестік,

- *қысқартылған атауы*: "Лимпопо" ЖШС.

1.4. Серіктестік қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мен таза табыс алуға бағытталған шаруашылық, коммерциялық қызметті жүргізу үшін құрылған.

1.5. Серіктестік қызметінің мерзімі шектелмеген.

1.6. Серіктестіктің тұрақты әрекет ететін органының орналасқан жері, Серіктестіктің өзінің орналасқан жері, оның заңды және пошталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, ша Шугыла, А.Сығай көшесі, 71 үй.

2 БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Серіктестік банктерде есептік, валюталық және басқа шоттарды ашуға, келесімдер жасасуға және өзге мәмілелерді іске асыруға құқылы.

2.2. Серіктестік жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елу адамнан аспайтын және жылдық орташа табысы айлық есептік көрсеткіштің алпыс мың еселенген мөлшерінен аспайтын, шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

2.3. Серіктестік дербес баланста, долгелек морге, мортабандарға, соның ішінде өзінің қазақ және орыс тілдеріндегі атауы көрсетілген бланкілерге ие болады. Серіктестік толық шаруашылық есеп, өзін-өзі өтеу және өзін-өзі қаржыландыру негізінде әрекет етеді.

2.4. Серіктестік өзінің қатысушының мүлкінен бөлек мүлікке ие болады және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.5. Серіктестіктің Қатысушысы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және заңдармен белгіленген шектерде оның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді. Серіктестік қатысушының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2.6. Серіктестік өз қызметінің мақсаттары мен мүліктің мақсаттылығына сәйкес өз мүлігіне иелік етеді, пайдаланады және басқарады.

2.7. Серіктестік, құрылу мақсаттарын және қызмет түрлерін іске асыру үшін, келесідей құқықтарға ие:

- өз атынан келісімдер жасасу, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды иелену, міндеттер атқару, сотта талапкер мен жауапкер болу;

- Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде өз қызметі үшін қажетті алуан түрлі жылжымалы және жылжымайтын мүлікті иелену, иеліктен шығару, пайдалануға беру немесе алу;

- қолданыстағы заңдармен анықталған шектерде өзінің ұйымдық дамуының шаруашылық есеп қатынастарын, өндірісті кооперациялауды, шоғырландыруды, мамандандыруды, үйлестіру немесе кеңейтуді жетілдіру талаптарына сай келетін жаңа нысандарын іздестіру және іске асыру;

- Қазақстан Республикасында да, оған тыс жерлерде де әр түрлі мәмілелер, соның ішінде, сауда-саттық, айырбастау, мердігерлік, несие, кепіл, мемлекеттік сатып алу, тасымалдау (фрахт, экспедициялау), контрактация, сақтандыру бойынша және заңдармен тыйым салынбаған басқа да өзге

Статья 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Лимпопо», именуемое далее по тексту настоящего устава как «Товарищество», является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан.

1.2. Единственный участник Товарищества:

ФИО: Салихаров а Зухра Харбиевна,
ИИН:720702400012

удостоверение личности №045781169, выданное 06.02.2020г.

МВД РК, проживающий по адресу:

Республика Казахстан, г.Алматы, мкр Шугыла, ул. А.Сығай, д. 71.

1.3. Фирменное наименование Товарищества:

- *полное наименование*: товарищество с ограниченной ответственностью "Лимпопо",

- *сокращенное наименование*: ТОО "Лимпопо".

1.4. Товарищество создано для ведения хозяйственной, коммерческой деятельности, направленной на удовлетворение общественных потребностей и получение чистого дохода.

1.5. Срок деятельности Товарищества неограничен.

1.6. Местом нахождения постоянно действующего органа Товарищества, местом нахождения самого Товарищества, его юридическим и почтовым адресом является: Республика Казахстан, г.Алматы, г.Алматы, мкр Шугыла, ул. А.Сығай, д.71.

Статья 2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ТОВАРИЩЕСТВА

2.1. Товарищество имеет право открывать расчетный, валютный и другие счета в банках, заключает договоры и совершает иные сделки.

2.2. Товарищество является субъектом малого предпринимательства, со среднегодовой численностью работников не более пятидесяти человек и среднегодовым доходом не свыше шестидесятитысячекратного месячного расчетного показателя.

2.3. Товарищество имеет самостоятельный баланс, печать, штампы, бланки, в том числе с указанием своего наименования на казахском и русском языках. Товарищество действует на основе полного хозяйственного расчета, самокупаемости и самофинансирования.

2.4. Товарищество обладает имуществом, обособленным от имущества своего участника и не отвечает по его обязательствам.

2.5. Участник Товарищества не отвечает по обязательствам Товарищества и несет риск убытков, связанных с его деятельностью, в пределах, установленных законодательством.

2.6. Товарищество осуществляет владение, пользование и распоряжение своим имуществом в соответствии с целями своей деятельности и назначением имущества.

2.7. Товарищество, в интересах реализации цели создания и видов деятельности, имеет право:

- заключать от своего имени договоры, приобретать имущественные и неимущественные права, исполнять обязанности, быть истцом и ответчиком в суде;

- приобретать, отчуждать, предоставлять или получать в пользование как на территории Республики Казахстан, так и за границей необходимое для своей деятельности всякого рода движимое и недвижимое имущество;

- осуществлять поиск и реализацию новых форм своего организованного развития, отвечающих требованиям совершенствования хозяйственных отношений, кооперации, концентрации, специализации, комбинирования или расширения производства в рамках, определенных действующим законодательством;

- совершать как в Республики Казахстан, так и за ее пределами, всякого рода сделки, в том числе крупные, включая и не ограничиваясь, сделки по купле-продаже, мене, подряду, займу, залогу, государственным закупкам, перевозке (фрахт, экспедирование), контрактации, страхованию и другие сделки, не запрещенные законодательством;

- свободно выбирать контрагентов, партнеров, поставщиков, подрядчиков как в Республике Казахстан, так и за ее пределами

мәмілелерді қоса, бірақ олармен шектеліп қоймай, ірі мәмілелер жасау;

- Серіктестік қызметінің мәні мен мақсатына және ҚР заңдарына қайшы келмейтін сыртқы экономикалық байланыстардың өзге түрлерін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында да, оған тыс жерлерде де контрагенттерді, серіктестерді, жеткізін берушілерді, мердігерлерді еркін таңдау;

- осы Жарғымен және тиісті заң актілерімен қарастырылған тәртіпте өз филиалдары мен өкілдіктерін ашу; филиалдарды ашуда тиісті республикалардың және елдердің заңдарымен белгіленетін шаруашылық қызмет шарттары сақталады;

- Қазақстан, ТМД аумақтарында және ТМД аумағынан тыс жерлерде құрылатын немесе құрылып жатқан өзге заңды тұлғалардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, бірлестіктердің, ассоциациялардың, одақтардың немесе акционерлік қоғамның құрылтайшысы немесе қатысушысы болу;

- өзінің ішкі ұйымдық құрылымын анықтау.

3 БАП. ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

3.1. Серіктестік өз қызметінің іске асыруына қаражат жинау және кәсіпкерлік қызметінен табыс шығару мақсатымен құрылған.

3.2. Корсетілген мақсатқа жету үшін Серіктестік қызметтің келесі түрлерін іске асырады:

- балабақшаларды, балабақшаларды, дамыту орталықтарын, бастауыш мектептерді, жалпы білім беретін мектептерді ұйымдастыру;
- басқару және коммерциялық қызметтерінің сұрақтары бойынша кеңес беру;
- сервистік қызмет көрсету;
- төмендегі сияқты иррадиациялық, электрлік медициналық және электрлік терапиялық жабдықты жөндеу, техникалық күту және қызмет көрсету;
- магниттік резонансты көрсетуге арналған жабдық, медициналық ультрадыбыстық жабдық, жылдамдықты реттеушілер, есту аппараттары, электрлік кардиографтар, электрлік медициналық эндоскопиялық жабдық, иррадиациялық аппараттар және тағы басқалар;
- медициналық жабдықтарын сату, пайдалану, сақтау, жөндеу, сервистік қызмет көрсету;
- иондалған сәуле шығаратын жабдықтарды жөндеу;
- атом энергиясын қолдану саласында қызмет көрсету;
- рентген-аппаратураларды және томографтарды жөндеу;
- кәсіпорындарға әр түрлі сервистік және тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;
- көлік-экспедициялық қызметі;
- автокөлік қызметтері, автосервисті ұйымдастыру, автотұрақтар, автожуулар, ТКҚБ ұйымдастыру;
- активтерді басқару;
- маркетинг, менеджмент;
- консалтинг қызметтері;
- коммерциялық әрекет;
- делдалдық әрекет;
- саудалық-сату әрекет;
- құрылыс, жөндеу-құрылыс, құрастыру, қалпына келтіру, жөнге салу-жіберу, өңдеу жұмыстарын жүзеге асыру;
- құрылыс материалдары мен құрылымдарды өндіріп, сату;
- азаматтық тұрғын үй және өндіріс ғимараттарын салу, жөндеу және қолдауға беру;
- жобалау әрекеті;
- дизайнерлік қызметтері;
- инвестициялық қызмет;
- жарнама қызметтері;
- продюсерлік қызмет;
- кино, бейне, аудио және теле өнімдер шығару және өткізу;
- әр түрлі бағыттағы конкурстар өткізу;
- автомобильдерді жеткізу және сату;
- көтерме-бөлшек ЖҰЖО өнімдерін сату;
- мұнай, газ, мұнай өнімдері мен жанар-жағармай

в целях развития прочих форм внешнеэкономических связей, не противоречащих предмету и цели деятельности Товарищества и законодательству РК;

- создавать свои филиалы и представительства как в Республике Казахстан, так и за ее пределами в порядке, предусмотренном настоящим Уставом и соответствующими законодательными актами; создание филиалов за пределами Республики Казахстан осуществляется с соблюдением условий хозяйственной деятельности, устанавливаемых законодательством соответствующих республик и стран;

- быть учредителем или участником иных юридических лиц, предприятий, организаций, объединений, ассоциаций, союзов или акционерных обществ, созданных или создаваемых как на территории Республики Казахстан, так и за ее пределами;

- определять собственное внутреннее организационное устройство.

Статья 3. ПРЕДМЕТ И ЦЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

3.1. Товарищество создано с целью привлечения средств для осуществления своей деятельности, извлечения дохода от предпринимательской деятельности.

3.2. Для достижения указанной цели Товарищество осуществляет следующие виды деятельности:

- организация ясли-садов, детских садов, центров развития, начальных школ, общеобразовательных школ;
- консультирование по вопросам коммерческой деятельности и управления;
- сервисное обслуживание;
- ремонт, технический уход и обслуживание иррадиационного, электромедицинского и электротерапевтического оборудования, такого как оборудование для отображения магнитного резонанса, медицинское ультразвуковое оборудование, регуляторы скорости, слуховые аппараты, электрокардиографы, электромедицинское эндоскопическое оборудование, иррадиационные аппараты и прочие;
- продажа, хранение, ремонт, сервисное обслуживание, медицинское оборудование;
- ремонт оборудования, генерирующего ионизирующее облучение;
- оказание услуг в сфере использования атомной энергии;
- ремонт рентгеноаппаратуры и томографов;
- организация различных сервисных и бытовых услуг предприятиям, организациям;
- транспортно-экспедиторские услуги;
- автотранспортные услуги, организация автосервиса, открытие автостоянок, авто-моек СТО;
- управление активами;
- маркетинг, менеджмент;
- консалтинговые услуги;
- коммерческая деятельность;
- посредническая деятельность;
- торгово-закупочная деятельность;
- осуществление строительных, ремонтно-строительных, монтажных, восстановительных, пуско-наладочных, отделочных работ;
- производство и сбыт строительных материалов и конструкций;
- строительство, ремонт и эксплуатация объектов жилищно-гражданского и промышленного назначения;
- услуги проектирования;
- дизайнерская деятельность;
- инвестиционная деятельность;
- рекламные услуги;
- продюсерская деятельность;

өнімдеіні сатып алу, сақтау, ұқсату және сату, жапармай құю станцияларын ұйымдастыру бұған табиғи монополия саласындағы қызмет жатпайды;

- сыртқыэкономикалық әрекет;
- импорт, экспорт;
- қотерме, бөлшек және комиссиялық сауданы ұйымдастыру;
- дүкендер, супермаркеттер, сауда орындары мен сауда үйлерінің жүйесін ұйымдастыру;
- техникашы, шеткері және кеңселік жабдықтарды сатып алу және тарату;
- баспа әрекет;
- құрылымдар мен жеке жайларды жалдау, жалға беру және қосалқы жалгерлікке беру;
- қонақ үй бизнесі;
- жылжымайтын мүлікті сатып алу және сату;
- жылжымалы және жылжымайтын мүліктермен операциялар;
- риэлтерлік, қозғалмайтын мүлік нарығындағы қызметтер, консультациялық әрекет;
- азық-түлік, халық тұтыну тауарлары, өндірістік-техникалық өнімдерін өндіру, сатып алу, сақтау, өңдеу және сату;
- қоғамдық тамақтану жүйесін (шағын наубайханалар, дүкендер, ресторандар, жазғы алаңдар, асханалар, аспаздықтар, барлар, кабабханалар, шағын асханалар және т.б.) ұйымдастыру;
- қызметтің барлық түрлерін көрсету, соның ішінде: ғылыми-зерттеулік, жобалық, құрастыру, зерттеулік, аударма, өкілдік, есептеу, анықтама-ақпараттық, маклерлік, басқару, комиссиялық, безендіру және ұйымдастыру;
- алкогольсіз, алкогольді ішімдіктерді өндіру, сатып алу және өткізу;
- Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынбаған басқа да әрекеттер.

3.3. Соның ішінде, егер де қандай да бір қызмет түрін іске асыру үшін мемлекеттен тиісті рұқсат (лицензиялар, сертификаттар) алу талап етілетін болса, Серіктестік сондай қызметті, Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес сондай рұқсат алғаннан кейін ғана іске асыратын болады.

3.4. Серіктестік келесі қызмет түрлерін асыра алмайды:

- есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымымен байланысты қызмет;
- акцизделетін өнімдер өндіруді және (немесе) қотере сату қызметі;
- астық сақтайтын қоймалардың қызметі;
- лотерея жүргізу;
- ойын және шоу-бизнес саласындағы қызмет;
- стандарттау, метрология, сертификаттау, аккредиттеу және сапаны басқару саласындағы қызмет;
- мұнай шығару, өңдеу және мұнай, мұнай заттарын, газ, электрлік және жылу энергиясын тарату қызметі;
- радиоактивтік заттар айналымы қызметі;
- банктік қызмет (немесе дара банк операциялары) және сақтандыру нарығының қызметі (сақтандыру агентінің қызметінен басқа);
- аудиторлық қызмет;
- бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет.

4 БАП. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Серіктестіктің Қатысушы құқылы:

(1) заңдармен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте

- производство и реализация кино, видео, аудио и теле-продукции;
- поставка и реализация автомобилей;
- розничная и оптовая реализация ГСМ;
- закупка, переработка и реализация нефти, газа, нефтепродуктов и ГСМ, организация автозаправочных станций за исключением деятельности относящейся к сфере естественной монополии;
- внешнеэкономическая деятельность;
- импорт, экспорт;
- организация оптовой, розничной и комиссионной торговли;
- организация сети магазинов, супермаркетов, торговых точек и торговых домов;
- закуп и реализация техники, периферийного и офисного оборудования;
- издательская деятельность;
- аренда, сдача в аренду и субаренду строений или отдельных помещений;
- гостиничный бизнес;
- покупка и продажа недвижимости;
- операции с движимым и недвижимым имуществом;
- риэлтерские услуги на рынке недвижимости, консультационные услуги;
- производство, закуп, хранение, переработка и реализация продуктов питания, товаров народного потребления и продукции производственно-технического назначения;
- организация пунктов общественного питания (мини-пекарни, магазины, рестораны, летние кафе, столовых, кулинарий, баров, шашлычных, закусочных и т.д.);
- оказание всех видов услуг, в том числе: научно-исследовательских, проектных, конструкторских, изыскательских, переводческих, представительских, вычислительных, справочно-информационных, маклерских, управленческих, комиссионных, оформительских, организационных;
- производство, закуп и реализация алкогольных, безалкогольных напитков;
- а также другие виды деятельности, не запрещенные законодательством Республики Казахстан.

3.3. В том числе, если для осуществления какого-либо вида деятельности требуется оформление надлежащего разрешения от государства (лицензии, сертификаты), Товарищество будет осуществлять такую деятельность только после получения такого разрешения согласно требованиям законодательства Республики Казахстан.

3.4. Товарищество не может осуществлять следующие виды деятельности:

- деятельность, связанную с оборотом наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров;
- производство и (или) оптовую реализацию подакцизной продукции;
- деятельность по хранению зерна на хлебоприемных пунктах;
- проведение лотерей;
- деятельность в сфере игорного и шоу-бизнеса;
- деятельность в области сертификации, метрологии и управления качеством;
- деятельность по добыче, переработке и реализации нефти, нефтепродуктов, газа, электрической и тепловой энергии;
- деятельность, связанную с оборотом радиоактивных материалов;
- банковскую деятельность (либо отдельные виды банковских операций) и деятельность на страховом рынке (кроме деятельности страхового агента);
- аудиторскую деятельность;
- профессиональную деятельность на рынке ценных бумаг.

СТАТЬЯ 4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ УЧАСТНИКА ТОВАРИЩЕСТВА

4.1. Участник Товарищества вправе:

(1) участвовать в управлении делами Товарищества в порядке,

Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;

(2) заңдармен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге құжаттамасымен таныс болуға;

(3) заңдармен және осы Жарғыға сәйкес Серіктестіктің қызметінен табыс алуға;

(4) серіктестіктің таратылу жағдайында несиегерлермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын алуға;

(5) заңдармен қарастырылған тәртіпте өз үлесін иеліктен шығару жолымен Серіктестікке қатысуын тоқтатуға құқылы;

(6) заңнамада және Серіктестік жарғысында көзделген оның құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдерін сот тәртібінде даулауға құқылы.

4.2. Серіктестіктің Қатысушы тиісті:

(1) жарғы мен Заңның талаптарын бұзбауға;

(2) құрылтай құжаттарында көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;

(3) серіктестікпен құпиялы ақпарат деп жарияланған мәліметтерді жария етпеуге;

(4) атқарушы органға, осы жарғының 1-бап 1.2 тармақшасында көзделген мәліметтердің өзгергені туралы жазбаша хабарлар етуге міндетті.

4.3. Серіктестіктің Қатысушы заңдарымен қарастырылған басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

5 БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ, ОНЫҢ МӨЛШЕРІН ӨЗГЕРТУ

5.1. Серіктестіктің Жарғылық капиталы 10 000 (он мың) теңгені құрайды және Серіктестіктің мемлекеттік тіркелу сәтіне қарай жарғылық капиталы толық көлемде толенген.

5.2. Серіктестіктің Жарғылық капиталына салым ретінде ақша, құнды кағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жерді пайдалану құқығы және зерделік іс әрекеттің нәтижесі мен басқа да мүлік құқығы бола алады. Салымды жеке мүлік құқығы немесе басқа да материалдық емес игілік түрінде салуға рұқсат етілмейді.

5.3. Серіктестіктің Жарғылық капиталды өзгерту заң бойынша жүргізіледі.

6 БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ ЖАСАЙТЫН ТӘРТІБІ ЖӘНЕ КІРІСТІҢ ҮЛЕСТІРІЛУІ

6.1. Серіктестіктің мүлкі оның қатысушының салымдары, Серіктестіктің тапқан табыстары, сондай-ақ заңдармен тыйым салынбаған өзге қайнар көздер есебінен қалыптасады.

6.2. Серіктестіктің мүлкі оның балансында есепке алынады.

6.3. Серіктестіктің мүлкі оның қатысушының мүлкінен окшауланған.

6.4. Таза кірістің (дивидендтің) үлестірілуі тиісті жыл бойынша Серіктестіктің қызметі нәтижелеріне арналған қатысушының шешімі мен жүргізіледі.

7 БАП. СЕРІКТЕСТІКТІ БАСҚАРУ

7.1. Серіктестіктің органдары:

(1) Серіктестіктің Дара қатысушы – Серіктестіктің жоғарғы органы;

(2) Директор – Серіктестіктің жеке атқару органы;

(3) Тексеру комиссиясы (тексеруші) – Бакылау органы.

8 БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖОҒАРҒЫ ОРГАНЫ

8.1. Серіктестіктің ең жоғарғы органы Дара қатысушысы болып табылады.

8.2. Серіктестік Дара қатысушының айрықша құзыретіне жататындар:

1) серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді немесе серіктестіктің жаңа редакциядағы жарғысын бекітуді қоса

предусмотренном законодательством и настоящим уставом;

(2) получать информацию о деятельности Товарищества и знакомиться с его бухгалтерской и иной документацией в порядке, предусмотренном настоящим уставом;

(3) получать доход от деятельности Товарищества в соответствии с законодательством и настоящим уставом;

(4) получить в случае ликвидации Товарищества стоимость части имущества, оставшегося после расчетов с кредиторами;

(5) прекратить участие в Товариществе путем отчуждения своей доли в порядке, предусмотренном законодательством;

(6) оспаривать в судебном порядке решения органов Товарищества, нарушающие его права, предусмотренные законодательством и уставом Товарищества.

4.2. Участник Товарищества обязан:

(1) соблюдать требования законодательства и настоящего Устава;

(2) вносить вклады в уставный капитал товарищества в порядке, размерах и в сроки, предусмотренные учредительными документами;

(3) не разглашать сведения, которые Товариществом объявлены коммерческой тайной;

(4) письменно извещать исполнительный орган об изменении сведений, предусмотренных подпунктом 1.2 статьи 1 настоящего устава.

4.3. Участник Товарищества может нести и другие обязанности, предусмотренные законодательством.

Статья 5. Уставный капитал Товарищества, изменение его размера

5.1. Уставный капитал Товарищества составляет 10 000 (десять тысяч) тенге и на момент государственной регистрации Товарищества оплачен в полном размере.

5.2. Вкладом в Уставной капитал Товарищества могут быть деньги, ценные бумаги, вещи, имущественные права, в том числе право землепользования и право на результаты интеллектуальной деятельности и иное имущество. Не допускается внесение вклада в виде личных неимущественных прав и иных нематериальных благ.

5.3. Изменение Уставного капитала Товарищества производится в порядке, предусмотренном законодательством.

Статья 6. Порядок образования имущества Товарищества и распределения доходов

6.1. Имущество Товарищества формируется за счет вклада его участника, доходов, полученных Товариществом, а также иных источников, не запрещенных законодательством.

6.2. Имущество Товарищества учитывается на его балансе.

6.3. Имущество Товарищества обособлено от имущества его участника.

6.4. Распределение чистого дохода, производится в соответствии с решением участника, посвященного утверждению результатов деятельности Товарищества за соответствующий год.

Статья 7. Управление Товариществом

7.1. Органами Товарищества являются:

(1) высший орган Товарищества – Единственный участник Товарищества;

(2) единоличный исполнительный орган Товарищества – Директор Товарищества;

(3) контрольный орган – ревизионная комиссия (ревизор) Товарищества.

Статья 8. Высший орган Товарищества

8.1. Высшим органом Товарищества является Единственный участник.

8.2. К исключительной компетенции Единственного участника относится:

1) изменение устава товарищества, включая изменение размера его уставного капитала, места нахождения и фирменного наименования, или утверждение устава

алғанда, серіктестіктің жарғысын өзгерту;

2) серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осылай берудің шарттарын айқындау;

3) серіктестіктің тексеру комиссиясын (тексерушісін) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;

4) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты болу;

5) ішкі ережелерді, олардың қабылдану рәсімін және серіктестіктің жарғысымен бекітілуі серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

6) серіктестіктің өзге де шаруашылық серіктестіктеріне, сондай-ақ коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;

7) серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;

8) тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімдерін бекіту;

9) серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

10) серіктестіктің барлық мүлкін кепілге беру туралы шешім;

11) серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;

12) серіктестікке қатысушыларға және үлесті сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін және мерзімдерін бекіту

8.3. Қатысушы серіктестіктің жарғысындағы шығарылған құзырлы анықтағандай, серіктестіктің қызметіне байланысты әртүрлі мәселелерді қарап қабылдауға құқы бар.

8.4. Қатысушы заңдармен белгіленген өзінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған өкілеттіктерді Серіктестіктің атқарушы органына тапсыруға құқылы.

9 БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ

9.1. Серіктестіктің ағымдағы қызметін басқаруды және оның істерін жүргізуді жеке атқару органы – Директор іске асырады.

9.2. Өзінің міндетін атқару кезінде Директор Серіктестіктің мүддесінен адал және саналы әрекет етуі тиіс.

9.3. Директорды белгіленген, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге Серіктестіктің Дара қатысушы сайлайды.

9.4. Директордың құзыретіне, осы жарғымен немесе ережелермен және қатысушының қабылданған өзге құжаттармен анықталған, Серіктестік қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері кіреді.

9.5. Директор:

(1) Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

(2) Серіктестіктің өкілі болу құқығына, соның ішінде қайта тапсыру сенімхаттарын береді;

(3) Серіктестіктің жұмыскерлеріне қатысты, оларды лауазымға тағайындау туралы, орнын ауыстыру мен жұмысынан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбек ақысын төлеу жүйелерін анықтайды, лауазымды жалақылардың және жеке қосымша ақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, ынталандыру және тәртіптік жазалау шараларын қолданады;

(4) Заңдармен немесе осы жарғымен Серіктестіктің Дара қатысушының жатқызылмаған өзге құзыреттерді, сондай-ақ Серіктестік Дара қатысушының тапсырылған құзыреттерді іске асырады.

9.6. Директорға тыйым салынатыны:

- Серіктестіктің Дара қатысушының келісімінсіз Серіктестікпен не мүлікті не басқа бір түрде өзіне немесе бөтендерге Серіктестіктен алып пайда қылуда бағытталған мәміле жасауы (сыйға тарту, қарызға беру, тегін пайдалану,

товарищества и новой редакции;

2) образование исполнительного органа товарищества и досрочное прекращение его полномочий, а также принятие решения о передаче товарищества с ограниченной ответственностью или его имущества в доверительное управление и определение условий такой передачи;

3) избрание и досрочное прекращение полномочий ревизионной комиссии (ревизора) товарищества, а также утверждение отчетов и заключений ревизионной комиссии (ревизора) товарищества;

4) утверждение годовой финансовой отчетности и распределение чистого дохода;

5) утверждение внутренних правил, процедуры их принятия и других документов, регулирующих внутреннюю деятельность товарищества, кроме документов, утверждение которых уставом товарищества отнесено к компетенции иных органов товарищества;

6) решение об участии товарищества в иных хозяйственных товариществах, а также в коммерческих и некоммерческих организациях;

7) решение о реорганизации или ликвидации товарищества;

8) назначение ликвидационной комиссии и утверждение ликвидационных балансов;

9) решение о принудительном выкупе доли у участника товарищества;

10) решение о залоге всего имущества товарищества;

11) решение о внесении дополнительных взносов в имущество товарищества;

12) утверждение порядка и сроков представления участникам товарищества и приобретателям долей информации о деятельности товарищества.

8.3. Участник, независимо от того, как определена его исключительная компетенция в уставе Товарищества, вправе принять к рассмотрению любой вопрос, связанный с деятельностью Товарищества.

8.4. Участник вправе делегировать полномочия, не относящиеся к его исключительной компетенции, исполнительному органу Товарищества.

Статья 9. Исполнительный орган Товарищества

9.1. Текущее руководство деятельностью Товарищества и ведение его дел осуществляет единоличный исполнительный орган – Директор.

9.2. При выполнении своих обязанностей Генерального директора должен действовать в интересах Товарищества добросовестно и разумно.

9.3. Директор избирается единственным участником Товарищества на установленный срок, но не более пяти лет.

9.4. К компетенции Директора относятся все вопросы обеспечения деятельности Товарищества, не относящиеся к компетенции участника, определенной настоящим уставом или правилами и иными документами, принятым участником.

9.5. Директор:

(1) без доверенности действует от имени Товарищества;

(2) выдает доверенности на право представлять Товарищество, в том числе доверенности с правом передоверия;

(3) в отношении работников Товарищества издает приказы о назначении их на должность, об их переводе и увольнении, определяет системы оплаты труда, устанавливает размеры должностных окладов и персональных надбавок, решает вопросы премирования, принимает меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания;

(4) осуществляет иные полномочия, не отнесенные законодательством или настоящим уставом к компетенции Единственного участника, а также полномочия, переданные ему единственным участником Товарищества.

9.6. Генеральному директору запрещено:

- без согласия единственного участника Товарищества заключать с Товариществом сделки, направленные на

алып-сату, ж.т.б.);

- Серіктестіктен немесе ботен кісілерден Серіктестік пен ботен кісілердің арасындағы жасалған мәмілелері үшін комиссиялық акы алуы;

- Серіктестіктің іс-әрекетіне бәсекелес келетін кәсіпкерлік іс-әрекет атқару

9.7. Директор өз қызметінің нәтижелері үшін Серіктестік алдында жауап береді.

10 БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ (ТЕКСЕРУШІСІ)

10.1. Серіктестіктің атқарушы органының қаржы шаруашылық қызметін бақылауды және асыру үшін тексеру комиссиясы құрылуы мүмкін, бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.

10.2. Серіктестіктің тексеру комиссиясын немесе жеке-дара тексерушісін Серіктестіктің Дара қатысушы бес жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

10.3. Серіктестіктің атқарушы органының мүшелері бір мерзімде тексеру комиссиясының мүшелері (тексерушілері) бола алмайды.

10.4. Тексеру комиссиясы (тексеруші) кез келген уақытта Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Тексеру комиссиясы (тексеруші) осы мақсатта серіктестіктің барлық құжаттамасын ешқандай кедергісіз қору құқығына ие болады. Тексеру комиссиясының (тексерушінің) талап етуі бойынша атқарушы органының мүшелері ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсіндірмелер беруге міндетті.

10.5. Тексеру комиссиясы (тексеруші) Серіктестікке қатысушының бекіткенге дейін серіктестіктің жылдық қаржылық есептемесіне міндетті түрде тексеру жүргізеді. Қатысушының тексеру комиссиясының (тексерушінің) қорытындысы не аудитордың қорытындысы болмайынша жылдық қаржылық есептемені бекітуге құқығы жоқ.

11 БАП. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

11.1. Серіктестіктің қайта құрылуы (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, түр өзгерту) Серіктестіктің Дара қатысушының шешімі бойынша ерікті түрде. Заң актілерімен белгіленген жағдайларда іске асырылуы мүмкін, Серіктестіктің бөліну немесе оның бір немесе бірнеше Серіктестіктердің құрамынан бөлініп шығу жолдарымен қайта құрылуы өкілетті мемлекеттік органдардың шешімі бойынша немесе сот шешімі бойынша іске асырылады.

11.2. Серіктестіктің қайта құрылуы Қазақстан Республикасы заңдарымен қарастырылған тәртіпте іске асырылады.

11.3. Серіктестік Дара қатысушының шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

11.4. Серіктестік келесі жағдайларда сот шешімі бойынша таратылуы мүмкін:

(1) Банкроттық;

(2) Серіктестіктің құрылуы кезіндегі, түзетуге келмейтін заң бұзушылықтарға байланысты Серіктестік тіркелуін заңсыз деп тағу;

(3) Қызметпен тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) айналысу, не болмаса заң актілерімен тыйым салынған қызметпен айналысу, не болмаса қызметті бірнеше қайтара заң бұзушылықпен іске асыру;

(4) Заң актілерімен қарастырылған басқа да жағдайлар.

11.5. Серіктестіктің таратылуы Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған тәртіпте жүргізіледі.

11.6. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралының атауы: «Заң газеті».

получение от Товарищества каких либо имущественных и иных выгод, как себе, так и третьим лицам (дарение, заем, безвозмездное пользование, купля-продажа, залог и т.д.);

- получать комиссионное вознаграждение, как от Товарищества, так и от третьих лиц за сделки, заключенные с Товариществом с третьими лицами;

- осуществлять предпринимательскую деятельность, конкурирующую с деятельностью Товарищества.

9.7. Директор несет ответственность перед Товариществом за результаты своей деятельности.

СТАТЬЯ 10. РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ (РЕВИЗОР) ТОВАРИЩЕСТВА

10.1. Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью исполнительного органа Товарищества может быть образована ревизионная комиссия в составе не более пяти человек.

10.2. Ревизионная комиссия или единоличный ревизор Товарищества избираются единственным участником Товарищества на срок, не превышающий пяти лет.

10.3. Членами ревизионной комиссии (ревизором) не могут быть одновременно члены исполнительного органа Товарищества.

10.4. Ревизионная комиссия (ревизор) вправе во всякое время производить проверки финансово-хозяйственной деятельности исполнительного органа Товарищества. Ревизионная комиссия (ревизор) обладает для этой цели правом безусловного доступа ко всей документации Товарищества. По требованию ревизионной комиссии (ревизора) члены исполнительного органа обязаны давать необходимые пояснения в устной или письменной форме.

10.5. Ревизионная комиссия (ревизор) в обязательном порядке проводит проверку годовой финансовой отчетности Товарищества до их утверждения участником. Единственный участник Товарищества не вправе утверждать годовую финансовую отчетность без заключения ревизионной комиссии (ревизора) либо заключения аудитора.

СТАТЬЯ 11. РЕОРГАНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ ТОВАРИЩЕСТВА

11.1. Реорганизация Товарищества (слияние, присоединение, разделение, выделение, преобразование) может быть осуществлена добровольно по решению единственного участника Товарищества. В случаях, установленных законодательными актами, реорганизация Товарищества в форме его разделения или выделения из его состава одного или нескольких Товариществ осуществляется по решению уполномоченных государственных органов или по решению суда.

11.2. Реорганизация Товарищества производится в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.

11.3. Товарищество может быть ликвидировано по решению единственного участника.

11.4. По решению суда Товарищество может быть ликвидировано в случаях:

(1) банкротства;

(2) признания недействительной регистрации Товарищества в связи с допущенными при его создании нарушениями законодательства, которые носят неустраняемый характер;

(3) осуществления деятельности без надлежащего разрешения (лицензии) либо деятельности, запрещенной законодательными актами, либо с неоднократным или грубым нарушением законодательства;

(4) в других случаях, предусмотренных законодательными актами.

11.5. Ликвидация Товарищества производится в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.

11.6. Наименование средства массовой информации, используемого для публикации информации о деятельности товарищества - «Юридическая газета»

**12 БАП. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ЖӘНЕ ҮЛЕСТЕРДІ
САТЫП АЛУШЫЛАРҒА СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ**

12.1. Серіктестік өз қатысушыларының талап етуі бойынша оған қатысушылардың мүдделерін қозғайтын серіктестік қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

Серіктестікке қатысушылардың мүдделерін қозғайтын ақпарат болып:

- 1) серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы, атқарушы орган, серіктестіктің тексеру комиссиясы (тексеруші) қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалғаны туралы ақпарат;
 - 2) серіктестіктің меншікті капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан да астам пайызды құрайтын мөлшерде серіктестіктің қарыз алуы;
 - 3) серіктестіктің нәтижесінде серіктестіктің меншікті капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан астам пайызды құрайтын сомаға мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын ірі мәміле немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелер жасауы;
 - 4) серіктестіктің қызметінің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы және (немесе) белгілі бір әрекетті жасауы, олардың қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай-ақ қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекетті жасауға серіктестік бұрын алған лицензиялардан айыру;
 - 5) серіктестіктің мүлкіне тыйым салу;
 - 6) нәтижесінде серіктестік мүлкі жойылған, теңгерімдік құны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он немесе одан астам пайызын құрайтын төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;
 - 7) серіктестікті және (немесе) оның лауазымды адамдарын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
 - 8) серіктестікті мәжбүрлі қайта ұйымдастыру туралы шешім;
 - 9) аудиторлық есеп (ол бар болғанда);
 - 10) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат;
 - 11) серіктестік жарғысына сәйкес серіктестікке қатысушылардың мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат танылады.
- 12.2. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат қатысушыларға олардың жазбаша сұраулары бойынша, атқарушы органға қатысушылардың шешімінде белгіленген мерзімде беріледі. Үлесті сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі және көлемі қатысушылардың шешімімен және үлесті сатып алу туралы алдын ала шартта белгіленеді.

13 БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫСЫН ӨЗГЕРТУ

13.1. Осы жарғыны өзгерту Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы жарғымен белгіленген ережелерге сәйкес қабылданатын Серіктестіктің Дара қатысушының шешімі бойынша іске асырылады.

13.2. Серіктестік бір ай ішінде Серіктестіктің тіркелуін жүргізген органға жарғыны өзгерту туралы хабарлауы тиіс. Бұл мерзім өткен соң кез-келген мүдделі тұлға жарғының өзгертілуіне сәйкес өзгертулердің заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне енгізілуін сот тәртібінде талап ете алады.

13.3. Үшінші тұлғалармен қатынастарда Серіктестік пен оның қатысушысы Серіктестіктің тіркелуін жүргізген органының осы баптың 13.2-тармағымен қарастырылған мәлімдемені алған сәтінен бастап, не болмаса заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне сот шешімі негізінде өзгертулер енгізілген сәттен бастап он бес күн ішінде Серіктестік жарғысының өзгеруіне сілтеме жасауға құқылы. Бірақ үшінші тұлғалар сол өзгертулерді ескере отырып және

**Статья 12. Порядок и сроки предоставления
участникам Товарищества и приобретателям долей
информации о деятельности Товарищества**

12.1. Товарищество обязано по требованию своих участников представлять информацию о деятельности товарищества, затрагивающую интересы его участников.

Информацией, затрагивающей интересы участников товарищества, признаются:

- 1) решения, принятые общим собранием участников товарищества, исполнительного органа, ревизионной комиссии (ревизора) товарищества и информация об исполнении принятых решений;
 - 2) получение товариществом займа в размере, составляющем двадцать пять и более процентов от размера собственного капитала товарищества;
 - 3) совершение товариществом крупной сделки или совокупности взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) приобретается или отчуждается имущество на сумму, составляющую двадцать пять и более процентов от размера собственного капитала товарищества;
 - 4) получение товариществом лицензий на осуществление каких-либо видов деятельности и (или) совершение определенных действий, приостановление или прекращение их действий, а также лишение ранее полученных товариществом лицензий на осуществление каких-либо видов деятельности и (или) совершение определенных действий;
 - 5) арест имущества товарищества;
 - 6) наступление обстоятельств, имеющих чрезвычайный характер, в результате которых было уничтожено имущество товарищества, балансовая стоимость которого составляла десять или более процентов от общего размера активов общества;
 - 7) привлечение товарищества и (или) его должностных лиц к административной ответственности;
 - 8) решение о принудительной реорганизации товарищества;
 - 9) аудиторский отчет (при его наличии);
 - 10) информация о возбуждении в суде дела по корпоративному спору;
 - 11) иная информация, затрагивающая интересы участников товарищества, в соответствии с уставом товарищества.
- 12.2. Информация о деятельности товарищества представляется участникам по их письменному запросу исполнительным органом в сроки установленные решением участников.
- Порядок представления и объем информации о деятельности товарищества приобретателям долей устанавливаются решением участников и предварительным договором о приобретении долей

Статья 13. Изменение устава Товарищества

13.1. Изменение настоящего устава осуществляется по решению единственного участника Товарищества, принимаемое в соответствии с правилами, установленными законодательством Республики Казахстан и настоящим уставом.

13.2. Товарищество обязано в течение месяца известить об изменении устава орган, осуществивший государственную регистрацию Товарищества. По истечении этого срока любое заинтересованное лицо вправе требовать в судебном порядке внесения в государственный регистр юридических лиц изменений, соответствующих изменениям устава.

13.3. В отношениях с третьими лицами Товарищество и его участник вправе ссылаться на изменения устава Товарищества по истечении пятнадцати дней с момента получения органом, осуществившим государственную регистрацию Товарищества, извещения, предусмотренного пунктом 13.2 настоящей статьи, либо с момента внесения изменений в государственный регистр юридических лиц на

көрсетілген жағдайлар мен мерзімдердің басталуына дейін әрекет ете алады.

основании решения суда. Однако третьи лица вправе действовать с учетом этих изменений и до наступления указанных обстоятельств и сроков.

14-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

14.1. Осы жарғының бір немесе бірнеше ережелері жарамсыз деп танылса, ол бүкіл жарғыны жарамсыз деп тануға әкелін соқтырмайды.

14.2. Жарғымен қамтылмаған жағдайларда Серіктестік Қазақстан Республикасының заңдарын, сонымен қатар, Қазақстан Республика аумағында қолданыста жүретін халықаралық келісімдерді басшылыққа алады.

СТАТЬЯ 14. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

14.1. Признание одного или нескольких положений настоящего устава недействительными, не влечет признания недействительности всего устава.

14.2. В случаях, не оговоренных уставом, Товарищество руководствуется законодательством Республики Казахстан, в том числе международными договорами, действующими на территории Республики Казахстан.

ДАРА ҚАТЫСУШЫ (ЕДИНСТВЕННЫЙ УЧАСТНИК):

ФИО

Самухарова З.Х

Самухарова

